

Ағымедуллаева Назерке Бөлекбайқызының «8D02304 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Медиадискурс ерекшеліктері: лингвомәдени аспект (қазақ және ағылшын медиа материалдары негізінде)» диссертациялық жұмысына

## ПІКІР

Медиадискурс – қоғамдық сананың қалыптасуына, құндылықтардың таралуына және мәденитаралық қарым-қатынастың дамуына ықпал ететін дискурстық кеңістіктің бірі. Ақпараттық қоғам жағдайында медиамәтіндер медиадискурста тек хабар таратып қана қоймайды, сондай-ақ ұлттық-мәдени концептілерді тасымалдайды, келер ұрпаққа жеткізеді, қоғамдық пікірді орнықтыруға ықпал етеді, идеологиялық тетіктердің бірі қызметін атқарады. Сондықтан қазіргі медиакеңістіктегі тілдік бірліктердің прагматикалық, стилистикалық және концептуалдық ерекшеліктерін анықтау қажет. Қазақ және ағылшын медиадискурсын салғастыра талдау тілдік және мәдени кодтарды, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындауға мүмкіндік береді.

Медиадискурстың ерекшеліктерін лингвомәдени тұрғыдан зерттеуді жүргізудің теориялық алғышарттарын дискурс теориясы, медиалингвистика, прагмалингвистика, лингвомәдениеттану бағыттарының қарқынды дамуы әрі өзара тоғысуы туғызса, жаһандану жағдайында ақпарат алмасу жылдамдығының артуы мен мәдени ықпалдастықтың күшеюі медиадискурстың ұлттық-мәдени сипатын сараптауды қажет етеді. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі медиамәтіндердің құрылымдық, стилистикалық, мазмұндық қабаттарында өзіндік ерекшеліктер бар, оларды сабақтастырып, салғастыра талдау жаңа нәтиже алуға әкеледі. Сондықтан қорғауға ұсынып отырған докторлық диссертация тақырыбының өзектілігі дау туғызбайды.

Зерттеу жұмысының бірінші бөлімінде диссертант *медиадискурс* терминінің анықталуына тоқталып, медиадискурстың құрылымдық деңгейлерін сипаттап, медиакеңістіктегі дискурс түрлерін жіктеп, сипаттама беріп, институтционалдық дискурс түрлерінің медиакеңістіктегі көрінісін, олардың ортақ және айырым белгілерін анықтаған. Медиадискурстың лингвомәдени аспектілерін негізгі концептілер мен құндылықтар, прецедентті феномендер, ұлттық-мәдени лексика семантикасы, метафоралар мен образдар арқылы анықтап, қазақтілді медиадискурстағы мәдениетаралық ықпалды көрсететін кірме сөздер мен калькаларды талдаған. Медиадискурс пен медиамәтін айырмасын ажыратып, медиадискурстың коммуникативтік ерекшеліктерін медиамәтіннің интенционалдығы мен прагматикасының рөлін талдау арқылы, дәстүрлі және медиаформаларды салыстырумен, медиадискурстағы тілдік стратегиялар мен жанрлық көптүрлілік мәселесін, ұлттық-мәдени өзгешеліктерді, медиажанрларды нақты мысалдар негізінде талдаумен айқындаған. Қазақ және ағылшын медиадискурсының лингвомәдени айырмашылықтарын туғызатын факторлар (тілдің

генетикалық ерекшеліктері, әлеуметтік-мәдени және саяси жағдайлар, құндылықтар т.с.с.) талданған.

Екінші бөлімінде қазақ, ағылшын медиадискурсындағы ұлттық-мәдени концептілерді саралап, оларды қолдану үлгілерін мысалдармен дәйектеген, кестеге түсірген және екі ел медиадискурсындағы ұлттық-мәдени концептілердің көрініс беру динамикасының графигін құрған. Медиадискурстағы фразеологизмдердің атқаратын қызметтерін (номинативтік, экспрессивті-бағалауыштық, интертекстуалдық, аксиологиялық, прагматикалық, идентификациялық т.с.с.) талдап, әртүрлі жанрда әрі коммуникативтік стратегиялық мақсатта қолданылуы мен жиілігін зерделеп, тұжырымдаған. Диссертант медиадискурстағы бейвербалды элементтер мен визуалды контентті талдап, олардың медиадискурстағы коммуникативтік артықшылықтарын, қабылдауды манипуляциялау мүмкіндігін саралаған. Қазақстандық және ағылшынтілді медиадискурстардың визуалды-коммуникативтік аспектілерін салыстыра талдау жасап, нәтижесін таңбалаған диаграмма ұсынған.

Үшінші бөлімде қоғамдық-саяси медиадискурс пен оның лингвомәдени ерекшеліктерін зерттеуде пайдаланған әдіснамасын негіздеп, әдіс-тәсілдеріне сипаттама берген. Диссертант өзінің қолданған кешенді зерттеу әдісіне Н. Фэрклоу мен Р. Водак, М. Мейер ұсынған корпустық лингвистика мен сапалық интерпретацияны түйістіретін Corpus-Driven Critical Discourse Analysis (CD-CDA) әдістерін, П. Бэйкер ұсынған алдын-ала мәтіндік өңдеу және сандық контент-талдау әдісін, Д. Лакоффың когнитивтік-метафоралық тәсілі негізінде Э. Гоффман парадигмасында қолданылатын фреймдік талдау әдісін үйлестіріп енгізген. Сол әдіс-тәсілдерді қолданып өзі жинақтап құрған корпустағы, нақты айтқанда, 2020-2025 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен АҚШ-тың 45-ші Президенті Дональд Трамптың медиакеңістіктегі медиамәтіндеріне (жалпы көлемі –100) арнайы компьютерлік бағдарламалар арқылы талдау жасап, нәтижесін салғастыра тұжырымдаған. Салғастыра талдау нәтижесінде қазақ және ағылшын саяси медиадискурсының құрылымдық ерекшеліктері мәдени-идеологиялық мәнмәтінге тәуелді болатындығы, қазақ медиасында мемлекеттік идеология мен ұлттық дәстүрлер айқын көрініс тауып, ресми стиль қатаң сақталса, ағылшын медиадискурсында жеке жауапкершілік пен экономикалық мүдделерді насихаттау мен оппозициялық көзқарастарға кеңінен орын берілетіндігі анықталған. Саяси медиадискурстың қызметтері жүйеленіп, тілдік таңбаларда берілу ерекшеліктері нақты мысалдармен дәйектелген. Корпусқа енгізілген салғастырылатын екі тілдегі медиамәтіндерде қолданылған бірліктердің (метафоралар, эвфемизмдер, аргументтеу құрылымдары: риторикалық сұрақтар, себеп-салдар аргументациясы, анекдоттық дәлелдер, қарама-қарсы контраст, гиперболалар т.с.с.), фреймдердің (дағдарыс, ұлттық бірегейлік, күрес/жау фреймдері) жиілігі мен риторикалық мақсаты, стилі, образдары, лексикалық маркерлері нақты талданған. Сонымен бірге диссертант екі ел басшыларының сөзіндегі эмоциялық апелляцияларға, олардың тілде таңбалануына, қызметіне, мәдени

маңызына талдау жасаған, адресатпен байланыс тетігі саналатын прагматикалық маркерлерді, арнаулы прагматикалық формулаларды, сөйлеу актілерін де жан-жақты зерделеп, Қ.Тоқаев пен Д.Трамп риторикасын салыстырып, кестеге түсіріп ұсынған. Диссертант саяси медиадискурстағы манипуляциялық және риторикалық стратегиялардың мәдениетаралық қабылдануын талдау мақсатында қазақ және ағылшынтілді респонденттерден (100) сауалнама алған. Респонденттерге екі ел басшысының пандемия кезіндегі бейнеүндеуін қаратып, алдын ала корпус талдауынан алынған сұрақтарға жауап алып, SPSS v. 29 бағдарламасына автоматты түрде түскен жауаптар талданып, салғастырылған корпусстың бес негізгі нәтижесі ұсынылған.

Зерттеу жұмысының жаңалығы мен алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңызына төмендегі жетістіктерін жатқызуға болады: 1. Диссертацияда алғаш рет қазақ және ағылшын тілдеріндегі көпшілік-саяси сөздердің медиадискурсы лингвомәдениеттану тұрғысынан тұңғыш рет жүйелі түрде нақты екі ел басшысының (Қ.Тоқаев пен Д.Трамп) медиамәтіндерінен жинақталған корпус негізінде салғастырылды. 2. Зерттеу нәтижесінде қазақ және ағылшын-америкалық медиадискурстағы ұлттық-мәдени концептілердің вербалдану ерекшеліктеріне қатысты жаңа мәліметтер алынды. 3. Қазақстан Президентінің ресми сөздерінде (ағылшынтілді баяндамалармен салыстырғанда) қолданылатын қазақ мақал-мәтелдері мен басқа да фразеологизмдер жүйесіне алғаш рет терең талдау жасалды, бұл ұлттық шешендік дәстүрдің өзіндік қасиеттерін ашуға мүмкіндік берді. 4. Зерттеудің маңызды жаңалықтарының бірі: екі мәдениетке қатысты визуалды-коммуникативтік (бейвербалды мінез-құлық, мемлекеттік рәміздерді қолдану, сөзді рәсімдеу) салғастырмалы зерттеулерге мультимодальді тәсілдің арнайы мақсатта қолданылуы. 5. Корпустық сандық талдау мен терең сапалық лингвомәдени талдауының бірігуі екі ел көшбасшыларының коммуникативтік стратегияларындағы ерекшеліктер мен ұқсастықтарды айқындауға мүмкіндік берді. 6. Диссертант алғаш рет саяси медиадискурстағы манипуляциялық және риторикалық стратегиялардың мәдениетаралық қабылдануын талдау мақсатында қазақ және ағылшынтілді респонденттерден (100) сауалнама алып, SPSS v. 29 бағдарламасына автоматты түрде түскен жауаптарды талдап, салғастырылған корпусстың жаңа бес негізгі нәтижесін ұсынды.

Зерттеу нәтижелері медиалингвистика мен саяси коммуникация, дискурсология, лингвомәдениеттану теориясын толықтырып, оларды кешенді зерттеуге жаңа теориялық бағдар береді, сондай-ақ жаңа тұжырымдарды білім беру жүйесінде қолдануға болады, жинақталған медиамәтіндер корпусы мен жиілігі айқындалған бірліктерді қазіргі саяси коммуникацияның фразеологиясы мен жаңа реалияларын қамтитын қазақша-ағылшынша сөздіктер мен анықтамалықтар құрастыруда пайдалануға болады.

Ізденуші докторантурада оқу барысында және диссертациялық жұмысты дайындау кезінде ғылыми деңгейінің, кәсіби құзыреттілігінің

жоғарылығын танытты. Жұмыстың нәтижелері 7 мақалада жарияланды. Оның біреуі Scopus мәліметтер қорына кіретін International Journal of Society, Culture & Language, Процентиль 86%, Q 1 болатын ғылыми журналда жарық көрді. Қалған 2 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда және 4 мақала халықаралық ғылыми конференция жинақтарында, оның ішінде екеуі шетелде өткен конференция материалдарының жинақтарында жарияланды.

Қорыта айтқанда, Ағымедуллаева Назерке Бөлекбайқызының диссертациялық жұмысы «8D02304-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын барлық талаптарға жауап береді. Ғылыми жұмыстың жазылу деңгейі мен теориялық және практикалық құндылығын ескере отырып, ізденуші Ағымедуллаева Назерке Бөлекбайқызына «8D02304-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептейміз.

Ғылыми кеңесші

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,

Теориялық және қолданбалы тіл білімі

кафедрасының профессоры, филология

ғылымдарының докторы

Садирова К.К.

30. 05.2025

